



БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ

6 жасар баланы құтқарып қалды

Шымкенттік оқушылар — Ердаулет пен Рамазан бір топ достарымен бірге Бадам өзеніне шомылуға келе жатып, кішкентай баланың өзенге батып бара жатқанын байқап қалады. Олар баланы құтқару үшін жалма-жан өзенге қарай ұмтылып, оны жағаға алып шығады. Су жұтқан балада ес жоқ. Көп су жұтып қойған оның іші ісіп, бет-жүзі көгере бастапты. Балалардың ішіндегі ересегі, 9-сыныпта оқитын Рамазан тез арада алғашқы медициналық көмек көрсетеді. Бір сынып төмен оқитын досы Ердаулет те жәрдем береді. Жылдам әрекеттің нәтижесінде алты жасар бала есін жиып, дем ала бастайды.

Әнуар ЖҰМАШБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Осылайша, уақытында көрсетілген медициналық

көмектің арқасында кішкентай бала аман қалды. Ал бейбіт күннің батырлары Рамазан Амангелдиев пен Ердаулет Шыңғысхан



Төтенше жағдайлар министрінің бұйрығымен батылдығы мен ержүректігі үшін

«Суға батқандарды құтқарғаны үшін» медалімен марапатталды. Сондай-ақ оларға

қалалық төтенше жағдайлар департаменті басшылығының атынан да естелік сыйлық табысталды. Дәл сол күні Рамазан мемлекеттік емтихан тапсыратын болғандықтан, оның сыйлығы анасының қолына берілді. Қос батыр Шымкент қаласындағы №128 жалпы орта мектепте оқиды.

Төтенше жағдайлар департаментінің хабарлауынша, Бадам өзені жүзуге тыйым салынған аймақ болып саналады. Негізінде мегаполисте шомылуға арналған 13 орын бар.

ШЫМКЕНТ

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

Арман – «Атырау барысы»

Атырауда да қазақ күресіне бет бұрған балуандар қатары көбейді. Бұл Астана күні қарсаңында өтетін «Қазақстан барысы» республикалық турнирінің іріктеу кезеңінде байқалды.

Жолдасбек КӨШЕРБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Сайыс басталмас бұрын 15 балуан қарсыласын жеребе арқылы таңдады. Оның ішінде 7 ауданнан 13, Атырау қаласынан 2 балуан бар. Балуандар 92 кг-дан жоғары салмақта бақ сынады.

«Қазақ күресінде ептілер мен күштілердің ғана бағы жанады. Алайда ұпай санымен алда тұрған балуанның

бір секундта ұтылып қалатын сәті жиі кездеседі. Өйткені төл спортымыздың осындай ерекшелігі бар», дейді аға жаттықтырушы Айбек Серғазиев.

Сыңға түскен балуанның бәрі аталған күрестің әдіс-тәсілін жетік біледі. Мәселен, Бекбол Мұқашев спорттың бұл түрін бала кезінен серік етіп келеді.

«Қазақ күресімен 6 жасымнан бері шұғылданамын. Маған жекпе-жек спортының бәрі ұнайды. Бірақ көңілім



қазақ күресіне ауды», дейді Б.Мұқашев.

Бұл сайысқа бірнеше рет қатысып, тәжірибе жинаған балуандар да бар. Соның бірі 27 жастағы Арман Қалиев биылғы іріктеу жарысына төртінші рет қатысты. Әсіресе

дзюдодан спорт шебері Әділет Сапарғалиевпен белдесуі тартысты өтті.

«Спорттық сайыстың бәрі де тартысты өтеді. Ал қазақ күресіндегі белдесудің жөні бөлек. Жаргыйыл финалдағы белдесу оңай болмады. Әділет – қазақ

күресін мықты меңгерген балуан. Бұрын дзюдодан Қазақстанның чемпионы атанған. Бұл күресте самбошылар, дзюдошылар, басқа да жекпе-жек түрлерінің өкілдері бақ сынап жүр. Бірақ жеңілмеу үшін намысқа тырыстым», дейді А.Қалиев.

Қарсыласының бәрінен басымдығын танытқан А.Қалиев «Атырау барысы» атанды. Оған үздік балуан дипломымен бірге 500 мың теңгенің сертификаты берілді. Ал екінші орынның жүлдесі – 300 мың теңгені Қызылқоға ауданының балуаны Бекбол Мұқашев жеңіп алды. Үшінші орын мен 200 мың теңгеге Жылыой ауданынан қатысқан Б.Шағатаев ие болды.

Атырау облысы

ҚҰЛАҒЫҢЫЗ ТҮРІК ЖҮРСІН!

Суға түссең, сақтан!

Былтыр суға түсу маусымында Шығыс Қазақстан облысында рұқсат етілмеген жерге шомылған 7 адам ажал құшты. Төтенше жағдайлар департаменті алдын алу жұмыстарын жүргізгенімен, тәртіпке бағынбайтындар аз емес.

Мерей ҚАЙНАРҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Құтқарушылар шомылу маусымына қарай табиғи және жасанды су қоймаларының түбін тексеріп, тиісті дайындықтарды жүргізді. Ал аптап ыстыққа байланысты төтенше жағдайлар қызметі су айдындарында бақылауды тіптен күшейтті. Шомылу маусымы басталғалы 100-ге жуық профилактикалық рейд жүргізілген. Саралап қарасақ, жазатайым оқиғалар көбінесе шомылуға рұқсат етілмеген жағажайларда болады екен.

«Аптап ыстық басталғаннан бері патрульдеу күшейе түсті. Әсіресе адам аяғы жете бермейтін жағалауларға қайықпен жетіп, демалушыларға ескерту жасаймыз. Біздің қолдан келер жұмыс осы. Демалыстарына

шектеу қоя алмаймыз. Ал қауіпсіздікті сақтау – әркімнің өз міндеті», дейді ШҚО ТЖД бастығының орынбасары Арман Тоқанов.

Қазіргі уақытта облыс аумағында шомылуға арналған 21 учаске анықталып, 74 орынға тыйым салынған екен. Осы тыйым салынған шомылу орындарында 22 тыйым салу белгісі орнатылған. Оның үстіне, күн ыстық болғанымен, су әлі тиісті мөлшерде жылына қоймаған. Дене тартылып қалмауы үшін судың жылылығы 20 градустан төмен болмауы керек. Демалушылар жоғарыда айтылған ақпараттарды ескеріп жүргені абзал. Ескертуге бағынбаған азаматтар заң аясында жауапкершілікке тартылып, оларға айыппұл салынады.

Шығыс Қазақстан облысы



ЖӨН ЕКЕН...

Салт аттылар сапары

Өткен сенбіде Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты «Бозок» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының ұйымдастыруымен «Сарыарқаның көне жолдары» республикалық этнографиялық іс-шара аясында елорда іргесіндегі Бозок қалашығынан салт аттылар экспедициясы жолға шықты.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Ұйымдастырушы тараптың мұндағы мақсаты – қазақ жеріндегі далалық қала мәдениетінің ерен үлгісі хәм қазіргі астанамыздың «атасы» Бозок қалашығының зерттеле бастауының 25 жылдық датасына орай, оның тарихи-мәдени маңызын насихаттау және халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының құрылғанына 30 жыл толу құрметіне тарту екен.

Бозок қалашығы хронологиялық тұрғыдан: ортағасырлық ғибадатханасы, ежелгі түрік қалашық, Алтын Орда кезеңінің қорымы, стационарлық тұрғын үйлер, өндіріс орындары, казактардың қыстауы және суару жүйесінен тұрады. Сонымен қатар қалашық материалдары төрт ортағасырлық мемлекеттік



құрылымдардың тарихын көрсетеді: Түрік қағанаты, Қыпшақ хандығы, Алтын Орда және Қазақ хандығы. Яғни қалашық VII-IX ғасырлардан XVI-XVII ғасырларға дейін ежелгі түркілердің киелі орны, одан кейін керуен саудасын бақылайтын қыпшақтардың қонысы болды деген болжам бар. Ал XIV ғасырда қалашық Нұра-Есіл аймағының исламданған элитасының рухани орталығына айналып, діни-мемориалдық кешен қалыптасыпты. XVIII-XIX ғасырларда мұнда казактың шаруашылық нысандары (қыстаулар) орналасқан көрінеді.

Алда атап өтілуге тиіс Астана қаласының 25 жылдық мерейтойы қарсаңында ұйымдастырылып отырған бұл шараны «At-travel» ат клубының шабандоздары қолға алыпты. Осылай Бозоктан басталған сапар Ұлытау жерінде,

нақтырақ айтқанда Ұлықұлыстың негізін қалаушы Жошы ханның кесенесі аумағында тізгін тартпақ.

Яғни салт аттылар елорда іргесіндегі ежелгі қоныс Бозоктан аттанып, Ұлы дала тарихының кіндігі Ұлытауға дейінгі сапарын бір аптаға жоспарлап отырған көрінеді. Аталған экспедицияның белді мүшесі әрі журналист Ержан Жаубаймен хабарласқанымызда, «Сапарға жарамды аркалы аттарды таңдап мініп, сегіз шабандоз елордадан жолға шықтық, бізге қосылу үшін тағы бір төрт салт атты Ұлытаудан аттанды. Бұйырса, қос тарап Алғабас ауылында түйісіп, әрі қарай Жошы кесенесіне бірге жол тартамыз. Жолай халқымыздың тарихына қатысы бар нысандарға ат басын бұрып, оны насихаттау шараларын қарастырамыз», деді.

ТОО «Парасат Атырау.ІТД» (БИН 040540020158) сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Атырау, ул.Гурьевская, 24, телефон: +7 701 744 94 97.

ТЕННИС

Жас теннисшінің жетістігі

Ел теннисінің болашағы саналған Заңғар Нұрланұлы Ереванда өткен 18 жасқа дейінгілер арасындағы «ITF Juniors J30 Tsaghadzor Golds'S Gym Cup 1» турнирінің абсолютті чемпионы атанды.

15 жастағы отандасымыз аталған жарыстың жекелей және жұптық сынында тамаша өнер көрсетті. Жекелей сайыстың финалында Заңғар осы жарыстың бірінші ракеткашысы, чехиялық Якуб Смычекпен шеберлік байқасып, екі сетке жалғасқан матчта қарсыласын 7:5, 6:1 есебімен тізе бүктірді.

Заңғар дода барысында Аустрия жасөспірімдер құрамасы көшбасшыларының бірі Максимилиан Хейдельмайермен аса тартысты кездесу өткізіп, үш сетке созылған матчта жерлесіміздің мерейі үстем болғанын айта кеткен жөн. 3.Нұрланұлы Еревандағы турнирдің жұптық бәсекесінде дәл сол аустриялық М.Хейдельмайермен бірге жұп құрап, финалда ресейлік теннисшілер – Максим Колобов пен Родион Малмыгинді үш сетте жеңді – 6:7, 6:4, 10:6.

Бұл – Заңғар Нұрланұлының Халықаралық теннис федерациясы өткізген жарыста жекелей сындағы екінші титулы.

ВЕЛОСПОРТ

Азияда алдына жан салмады

Таиландтың Районг қаласында өтіп жатқан тас жолдағы велоспорттан Азия чемпионатының кезекті күнінде жерлесіміз Евгений Федоров жарыс жеңімпазы атанып, ел қоржынына алтын жүлде салды.

Былтыр Аустралиядағы 23 жасқа дейінгі велошабандоздар арасындағы әлем чемпионатында топ жарған Евгений биыл Азия біріншілігінде де алдына жан салмады. Отандасымыз 46 шақырымға жалғасқан жарыс жолын 53 минут 28 секундта жүріп өтіп, бас жүлдені иеленді. Күміс жүлде жерлесімізден екі минутқа қалып қойған тайбэйлік Серхио Туланға бұйырса, қола медаль моңғолиялық Саинбаярын Джамбалжамтстың еншісінде кетті.

Бұл – Қазақстан құрамасының Азия чемпионатындағы үшінші алтын медалі. Бұған дейін 23 жасқа дейінгі велошабандоздар арасындағы сайыста Андрей Ремхе мәре сызығын бірінші болып кессе, оның алдында жерлестеріміз аралас командалық сында (микс) үздік шыққан болатын. Өйделер арасындағы бәсекеде Рината Сұлтанова қола жүлдеге ие болған еді.

ФУТБОЛ

Жаңа жеңімпаз анықталды

Футболдан УЕФА Чемпиондар лигасының биылғы маусымы өз мәресіне жетті. Түркияның Ыстанбұл қаласында ұйымдастырылған финалда Англияның «Манчестер Ситиі» мен Италияның «Интер» командалары кездесті.

76 мың жанкүйерді сыйдыра алатын Ататүрік атындағы Олимпиада стадионында өткен финалдық матчта ағылшындық команданың бағы жаңып, өз тарихында тұңғыш рет Чемпиондар лигасының қолдақты кубогін жеңіп алды. Ойындағы жалғыз әрі жеңіс голын матчтың 68-минутында «Манчестер Ситидің» испаниялық жартылай қорғаушысы Родри салды.

Осылайша, «Манчестер Ситиі» өзінің 32-трофейін еншіледі. Олар тоғыз мәрте Ағылшын Премьер-лигасында, жеті рет Англия кубогінде, сегіз мәрте Лига кубогінде, алты рет Англия суперкубогінде, бір рет кубок иегерлерінің кубогінде топ жарған. Сонымен қатар Пеп Гвардиола шәкірттері биылғы маусымда АПЛ және Англия кубогінде де жеңімпаз атанып, трейл жасады.

Дайындаған
Әли БИТӨРЕ,
«Egemen Qazaqstan»

EGEMEN QAZAQSTAN
Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсанның шығу бастады

МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақ газеттері» ЖШС

Бас директор
Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ

Бас редактордың бірінші орынбасары
Владимир КУРЯТОВ

Бас редактордың орынбасары
Қайыр АХМЕТ

Бас редактордың орынбасары – Алматы баслымдарының жетекшісі
Думан АНАШ

Бас редактордың орынбасары
Өскер ПИРИЕВ

Бас редактор
Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ

Бас редактордың орынбасарлары
Талғат БАТЫРЖАН,
Бағу ӘДІЛЖАН

Жауапты хатшы
Самат МҰСА

Шеф-редактор
Амангелді ҚИЯС

Интернет-редакция жетекшісі
Дінар КЕРІМ

Бөлім меңгерушілері

Саясат және құқық
Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ

Экономика және өндіріс
Қуат БҮЕСБАЙ

Білім және ғылым
Фархат ҚАЙРАТҰЛЫ

Мәдениет және әдебиет
Жолдыбай БААЗАР

Әлеумет және спорт
Орынбек ӨТЕМҚРАТ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Абай облысы – Сәтжан Қасымжанұлы
Алматы облысы – Инбосын Исабек
Ақмола облысы – Байқол Байқали
Атырау облысы – Жолдасбек Көшербайұлы
Ақтөбе облысы – Бәнін Қуандықызы
Батыс Қазақстан облысы – Қазыбек Құттымұратұлы
Жамбыл облысы – Тағибаи Мұсылманқұл
Жезуол облысы – Мұстаф Күмбішев
Қарағанды облысы – Қыяратқан Айтжан
Қостанай облысы – Нұржанат Құлбай
Қызылорда облысы – Мұрат Жетісбай
Маңғыстау облысы – Гулалым Дәлілбай
Павлодар облысы – Мұрат Қалжанұлы
Солтүстік Қазақстан облысы – Жақсыбай Самғар
Түркістан облысы – Ғалымжан Елшібай
Шығыс Қазақстан облысы – Мерей Қайнарұлы
Шымкент қаласы – Әнуар Жұмашбай
Ұлытау облысы – Абдолла Дәстән

тел.: 8 7005180379
тел.: 8 7471835704
тел.: 8 775649883
тел.: 8 776068003
тел.: 8 7014890223
тел.: 8 7475011901
тел.: 8 7470754922
тел.: 8 7753010129
тел.: 8 7014901976
тел.: 8 7775800024
тел.: 8 7016856069
тел.: 8 7020071776
тел.: 8 7051526557
тел.: 8 7026398400
тел.: 8 702689198
тел.: 8 7056238817
тел.: 8 7763266988
тел.: 8 7773024679

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010008 АСТАНА, «Егемен Қазакстан» газеті» көшесі, 5/13
050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а

АНЫҚТАМАҒА ҮШІН:
Астана: АТС 37-65-27, факс: 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматы: 8 (727) 273-07-87, факс: 8 (727) 273-07-87;
Электронды пошта: almaty@egemen.kz
МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:
Астанада – 8 (7172) 37-60-49, 37-64-48, egemen_adv@mail.ru
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, adv@egemen.kz

Индекс **65392**. Аптасына 5 рет шығады.
«Қазақ газеттері» ЖШС компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Көлемі 8 баспа табақ. Нөмірлерді суреттердің сапасына редакция жауап береді.
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті қайта өсіріле қою туралы
№КЗ21УР00062701 куәлігі 2023 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті
ҚР СТ ИСО 9001:2009
Сапа менеджменті жүйесі талаптарына сәйкес сертифицикатталған.

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: **1499 «Қазпошта» АҚ**

ТАРАЛЫМЫ 80 117 дана

ISSN 1999-9720

9 771999 972005

Нөмірдің көзешкі редакторы
Батырхан СӨРЕНХАН